

Бекітемін:
«Қайыңды жалпы білім беретін
орта мектебі» ЖММ-нің директоры
А.К. Махамбетов
«06» 09 2022ж.

***Қайыңды жалпы білім беретін орта
мектебінің 2022-2023 оқу жылына
арналған тәрбие жұмысының
жоспары***

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани- адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру
4. Мектептегі отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие құндылығы
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

8. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

9. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесі құжаттар:

✓ «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы

[https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;](https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/)

✓ Қазақстан Республикасының Конституциясы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;>

✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518;>

✓ 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext;>

✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>

✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>

✓ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зарлабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>

✓ «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

| № | Іс-шаралар | Жауаптылар |
|-----------------|--|---|
| Қыркүйек | | |
| 1 | Әр дүйсенбіде сабақты Гимнмен бастауды дәстүрге айналдыру | ДТІЖО |
| 2 | «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында 1-қыркүйек Білім күніне арналған 1 сынып оқушыларына іс-шара өткізу. | ДТІЖО |
| 3 | «Тәуелсіздік жетістіктері» 2-11 сыныптар \тәрбие сағаттары\ | ДТІЖО Класс жетекшілер |
| 4 | а)2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен сынып жетекшілерді таныстыру, ә)Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері б)Жылдық тәрбие жұмысының жоспарын қарап бекіту. Ағымдағы мәселелер(сынып жетекшілер отырысы) | ДТІЖО |
| 5 | №1 ата-аналардың жалпы жиналысы, ата-аналар қоғамдастығымен өзара байланыс жасау: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың міндеті» : жиналыс өткізу, әңгімелесу. Түнгі рейд ұйымдастыру. | ДТІЖО, Сынып жетекшілер, Мектеп инспекторы |
| 6 | 1.«Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру. ЖББ қорынан атаулы әлеуметтік көмек алатын ата-аналарға бөлінген көмекті үлестіру. Кәсіпкерлерге хат жолдап, демеушілер тарапынан көмек ұйымдастыру (жыл бойы) | ДТІЖО, Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері. |
| | 2. Мектептегі жетім, жартылай жетім, әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен тексеру және оқушыларға көмек көрсету | ДТІЖО, Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері |
| 7 | 2.Қазақстан Республикасындағы Отбасы күніне орай іс-шаралар өткізу. | ДТІЖО, сынып жетекшілері |
| 8 | «Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы» аналар алқасы, дәрігер маман иелерімен кездесу | ДТІЖО Қыздар ұйымының жетекшісі |
| 9 | Мектеп оқушыларының бөгде сайттарға (Порно, Синий кит т.б өз өмірін киюға жетелейтін сайттарға, | ДТІЖО, пед.ұйымдастырушы |

| | | |
|---------------|---|--|
| | діни ланкестік ұйымдар сайттары) кірмеуін бақылау | |
| 10 | «Белсенді өмір – жүз жастық ғұмыр!» Денсаулық фестивалі-2021 ұйымдастырып өткізу | ДТЖО, дене шынықтыру пәні мұғалімдері |
| 11 | Тілдер мерекесіне орай «Тілім менің - тіршілігім, тынысым» тәрбие сағатын өткізу. | Кітапханашы |
| Қазан | | |
| 12 | «Коронавирустық инфекцияның алдын алу», «Салауатты өмір салтын насихаттау» мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. | ДТЖО, Мектеп медбикесі |
| 13 | «Ұстаз – мектеп жүрегі» тақырыбында Ұстаздар күніне арналған іс-шаралар ұйымдастыру. | ДТЖО, Музыка пәні мұғалімі, Тәлімгер, Кітапханашы, Пед.ұйымдастырушы |
| 14 | «Туған жерге тағзым!» Сурет көрмесі 5-9-сынып оқушыларымен ұйымдастыру | Пед.ұйымдастырушы. Көркем еңбек пәні мұғалімдері |
| 15 | Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында тәрбие сағаттарын өткізу. 1-11 сынып | Сынып жетекшілер |
| 16 | «Қарттарым, аман – саумысың!?» Қарттар күніне арналған іс-шаралар ұйымдастыру. | ДТЖО, сынып жетекшілері. Тәлімгер, кітапханашы. |
| 17 | 1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қоршаған ортаны аялай білейік!» челлендж | Мектеп кітапханашысы, сынып жетекшілер. |
| 18 | «Рухани адамгершілік» бағытында 5-11 сынып оқушыларына тәрбие сағаттар, дөңгелек үстелдер өткізу. | Сынып жетекшілер. |
| Қараша | | |
| 19 | Күзгі балл «Алтын күз-2021» іс-шарасын ұйымдастыру | ДТЖО, Тәлімгер |
| 20 | 20 қараша – Балалар құқығы туралы Конвенция күніне орай тәрбие сағаттар өткізу 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер. |
| 21 | Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қазақ халқының рухани құндылықтары туралы не білеміз?» оқырмандар конференциясын ұйымдастыру. | Сынып жетекшілері, Пед.ұйымдастырушы, кітапханашы |
| 22 | 1.«Қазақ тәрбиесіндегі тіл табысу және сыйласымдылық, жақсы қарым-қатынас жасау ережесі, ол қандай?» 7-8 сыныптарға әңгіме өткізу 2.«15 қараша – Ұлттық валюта теңге күні» | Сынып жетекшілері, Пед.ұйымдастырушы, Кітапханашы |

| | | |
|------------------|--|--|
| | 1-11 сыныптар 3. 15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай «Ұлттық теңге-Тәуелсіздігіміздің символы» танымдық әңгіме, кітап көрмесін ұйымдастыру. | |
| 23 | «Үшқыр ой алаңы» атты дебаттық қозғалысы» Тақырыбы: «Жасөспірімдердің интернеттегі мінез құлқы және қарым қатынасы» 9-10 сыныптар. | Дебат клубының жетекшісі |
| 24 | «Елімнің тұңғыш Президенті» ашық тәрбие сағаттарын өткізу | Сынып жетекшілері |
| 25 | «Бизнес неден басталады?» тақырыбында ашық сабақ | Кәсіптік бағдар жетекшісі |
| 26 | Мектеп оқушыларының спирттік ішімдіктерді, есірткілік заттарды қолдануда тыйым салуға жүйелі түрде рейд жүргізу. | ДТІЖО, сынып жетекшілер, Мектеп инспекторы |
| Желтоқсан | | |
| 27 | 1. ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл. «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» салтанатты жиын, сынып сағаттарын өткізу. 2. «Жас Ұлан және Жас Қыран» ұйымына оқушыларды қабылдау. | ДТІЖО, Тәлімгер, музыка пәні мұғалімі, сынып жетекшілер. |
| 28 | «Тәуелсіз елім – тұғырын сенің биікте» атты кітап көрмесін ұйымдастыру. | Кітапханашы |
| 29 | «Тәуелсіздік рәміздері» деректі фильмдер топтамасын көрсету | ДТІЖО, информатика пәні мұғалімі, сынып жетекшілер |
| 30 | «Қыран» әскери патриоттық клубының жиынын өткізу | ДТІЖО, АӘД пәні мұғалімі |
| 31 | 5.«Біз – Тәуелсіз Қазақстанның келешегіміз!» флэшмоб ұйымдастыру | ДТІЖО, сынып жетекшілер, пед.ұйымдастырушы, музыка пәні мұғалімі. |
| 32 | 1.«Қоғамдық орындарда өзімізді қалай ұстауымыз керек?» 1 - 4 сыныптарға арналған тәрбие сағатын ұйымдастыру | Сынып жетекшілері |
| 33 | 2.Адамгершілік сабақтары: «Дін. Саясат. Атеизм» тақырыптарында ашық тәрбие сағаттарын өткізу. 5-11 сыныптар | Сынып жетекшілері |
| 35 | 4.«Бала болсаң болғандай бол, айналаңа қорғандай бол» Әңгімелесу, баяндама, пікір алмасу. (Ұлдармен жұмыс) 8-11 сынып | «Мирас» ер балалар клубы жетекшісі |

| | | |
|---------------|--|--|
| 36 | «Білім аралы» білімділер, көңілділер, тапқырлар марафоны 5-11 сыныптар | Педагог ұйымдастырушы, сынып жетекші, пән мұғ-і |
| 37 | «Зиянды әдеттер, олардың ағзаға әсері» атты диктант алу 7-8 сыныптар | Сынып жетекші, психолог, мед.бике |
| Қаңтар | | |
| 38 | Оқушылардың құқықтық сауаттылығын анықтау. (жасырын сауалнамалар алу) 1-11 сыныптар | ДТЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы |
| 39 | «Қазақстанның табиғаты» тақырыбында үздік фото және бейнематериалдардың мектепішілік конкурсы 8-10 сыныптар | Педагог ұйымдастырушы |
| 40 | «Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы» атты ашық сынып сағаттарын өткізу. 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 41 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы | ДТЖО, Сынып жетекшілер, Демеушілер |
| 42 | «Жасөспірімдер арасындағы бопсалаушылық. Құқық бұзушылық. Әкімшілік және қылмыс кодекстері» тақырыбында әңгімелесу | ДТЖО, Сынып жетекшілер, Мектеп инспекторы |
| 43 | «Қазақ халқының дәстүріндегі қыз бен ұл тәрбиесі.» 8-11 сыныптар арасында дебат өткізу. | ДТЖО, Дебат клубының жетекшісі, Сынып жетекшілері |
| 44 | «Рухани адамгершілік» бағытында 5-11 сынып оқушыларына тәрбие сағаттар, дөңгелек үстелдер өткізу. | Сынып жетекшілері |
| Ақпан | | |
| 45 | «Қыз -өмірдің қызғалдағы» 8-11 сыныптар (қыздар арасында дөңгелек үстел) | Сынып жетекшілері, қыздар клубының жетекшісі |
| 46 | №2 ата-аналар жиналысы 1.«Отбасындағы тәрбиенің рөлі». Баяндама 2.«Мектеп, ата- ана, оқушы арасындағы байланыс» 3.Психологиялық ағарту сабағы. | ДТЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы |
| 47 | 1.«Әлеуметтік педагог қызметкерінің ,әлеуметтік ортаның мүмкіншілігі шектеулі балаларды тәрбиелеуде алатын орны». Презентация. 2.«Жетімдер үйі, қарттар үйі жабылсын!» дөңгелек үстел | ДТЖО Әлеуметтік педагог |
| 48 | Тоғызқумалақ, дойбы – ой дамыту ойындары. Мектепішілік жарыстар ұйымдастыру 3-5 сыныптар | Сынып жетекші, Дене шынықтыру пәні мұғалімдері |

Наурыз

| | | |
|--------------|--|---|
| 49 | 1 наурыз - Алғыс айту күніне арналған іс-шаралар | ДТІЖО Сынып жетекшілері Тәлімгер музыка пәні мұғалімі, |
| 50 | 8 наурыз - Аналар күні. "Сыйынар ем Ана деген тәңірге!" мерекелік концерттік бағдарлама. | ДТІЖО Сынып жетекшілері Тәлімгер музыка пәні мұғалімі, |
| 51 | «Наурыз – жыл басы, өмір бастауы» мектепішілік мерекелік әдеби –сазды кеш. | ДТІЖО Сынып жетекшілері Тәлімгер музыка пәні мұғалімі, |
| 52 | «Қазақ халқының қолданбалы қолөнері – ұлт мақтанышы», көрме.1-5 сыныптар | Сынып жетекшілері, Көркем еңбек пәні мұғалімі |
| 53 | Асық ату, қол күрес, жаяу жарыс, арқан тарту, ұлттық ойындары бойынша мектепішілік жарыс 1-7 сыныптар | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері |
| Сәуір | | |
| 54 | «Толлерантылыққа 20 қадам», «Толлеранттылық мұғалім» » тақырыбында тренинг өткізу.(діни экстремизм) | Мектеп психологы , дінтану пәні мұғалімі |
| 55 | 1.Отаным – кең далам, орманды (5-11 сынып оқушылары арасында)Патриоттық әндер байқауы | Музыка пәні мұғалімі, сынып жетекшілер. |
| 56 | Дүниежүзілік авиация және космонавтика күні | кітапханашы сынып жетекшілер |
| 57 | 23 сәуір - дүниежүзілік кітаптар күні. «Қазақ тіліндегі 100 жаңа кітап» тақырыбында дөңгелек үстел | Сынып жетекшілері, Кітапханашы |
| 58 | Мамандық таңдауға әңгіме-сұхбат.. Кәсіби бағдар беру. | Кәсіби бағдар жетекшісі |
| 59 | «Апын-өмір жауы» нашакорлықтың зияны туралы лекция. | ДТІЖО Мектеп медбикесі |
| 60 | Діни экстремизм мен терроризм қайдан шыққан тақырыбына профилактикалық әңгіме жүргізу.9-11 сыныптар(діни экстремизм) | Мектеп психологы Мектеп инспекторы |
| 61 | «Экологиялық апаттар дегеніміз не, ол қалай болады?»Танымдық кеш | ДТІЖО, педагог |

| | | |
|--------------|---|---|
| | | ұйымдастырушы, сынып жетекші |
| 62 | «Сымбат, талғам, киіну, сұлулық, кескін-келбет тәрбиесі» туралы танымдық кеш | ДТІЖО педагог ұйымдастырушы, сынып жетекшілер |
| Мамыр | | |
| 63 | 1 – мамыр – Бейбітшілік күніне орай іс-шаралар өткізу | ДТІЖО Сынып жетекшілері Тәлімгер |
| 64 | 1.«Мен өз елімнің қорғаушысымын» - 7 мамыр Ұландар күніне арналған көрме.5-7 сыныптар | ДТІЖО, Сынып жетекшілері, Тәлімгер, музыка пәні мұғалімі, |
| | 2.«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды» ҰОС 80 жылдығына орай тәрбие сағаты және іс-шара | ДТІЖО Сынып жетекшілері Тәлімгер музыка пәні мұғалімі, |
| | 3.31 маусым - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылықты еске алу күні.ашық сынып сағаты .9-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 65 | №3 ата-аналар жиналысы 1.2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар комитетінің атқарылған жұмыстарын қорытындылау. 2.Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы. | Мектеп директоры ДТІЖО Педагог – психологтар Мектеп инспекторы Сынып жетекшілер |